

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019  
ISSN 2710-3994

**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**  
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**  
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**  
Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**  
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**  
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**  
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**  
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**  
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ 94 (574)

## **ЖАҒАНША ДОСМУХАМЕДОВ – АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨРШІЛ ҚАЙРАТКЕРІ**

**Ибраева А.**

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ. Петропавл, Қазақстан.

**Аңдатпа.** Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмаларын орындау аясында «тұлғаландыру сипатына ие болған» отан тарихын шынайы түрде талдау мақсатында біртуар қайраткерлердің мемлекеттіліктің, елдің ғылымы мен мәдениетіне қосқан үлесін зерттеу өзекті болып табылады. Бүгінде қазақ тарихы мен сол тарихты қалыптастырған ұлы тұлғалардың басым бөлігі терең және үлкен зерттеулерді қажет ететіні анық. Алаш арыстарының бірі, Алашорданың Батыс бөлімі жетекшілерінің басшысы Жаханша Досмухамедов сынды тұлғаны жан-жақты тереңдете зерттеу бүгінгі күні өзекті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы аясында жұртшылыққа бүгін ұсынылып отырған бұл мақалада Жаханша Досмухамедовтың өмірбаяны, саяси қызметі туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** «Рухани жаңғыру», тұлға, зерттеу, сиез, буржуазиялық-демократиялық, дерек, қазақи орта.

## **ЖАХАНША ДОСМУХАМЕДОВ – АМБИЦИОЗНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ АЛАШСКОГО ДВИЖЕНИЯ**

**Ибраева А.**

СКГУ им. М. Козыбаева, г. Петропавловск, Казахстан

**Аннотация.** В рамках реализации поставленных задач Главой государства Н.А. Назарбаева в программной статье «Семь граней Великой степи» актуально изучение вклада выдающихся общественных и государственных деятелей, представителей науки и культуры страны. На сегодняшний день многие имена великих личностей, игравших значительную роль в отечественной истории нуждаются в глубоких научных исследованиях. Среди них, актуальна углубленное изучение личности одного из представителей Алаш, руководителя Западного отделения Алашорды Жаханша Досмухамедова. Статья посвящена жизни и политической деятельности Жаханша Досмухамедова в рамках программной статьи Главы Государства «Семь граней Великой Степи».

**Ключевые слова:** «Рухани жаңғыру», личность, исследование, съезд, буржуазно-демократическая, источник.

## **ZHAKHANSHA DOSMUKHAMEDOV – THE AMBITIOUS ACTOR OF THE ALASH MOVEMENT**

**Ibraeva A.**

M. Kozybaev NKSU, Petropavlovsk, Kazakhstan

**Abstract.** The study of the contribution of prominent public and state figures, representatives of science and culture of the country is relevant within the framework of realization of the assigned tasks the Head of State N.A. Nazarbayev in the program article "The Seven Faces of the Great Steppe". Today, many names of great personalities who played a significant role in Russian history need in-depth scientific research. Among them, an in-depth study of the personality of one of the representatives of Alash, the head of the Western branch of Alash-Orda Zhakhansha Dosmukhamedov, is relevant. The article is dedicated to the life and political activities of Zhakhansha Dosmukhamedov as part of the program article of the Head of State "Seven Faces of the Great the Steppe".

**Keywords:** "Rukhani zhangyru" ("spiritual revival"), personality, research, congress, bourgeois-democratic, source.

Мақала «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы үшін өзектендіру, ғылыми тұрғыдан талдау және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша талдамалы зерттеу жасау» жобасы аясында даярланды.

### Кіріспе

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және оның аясында жарық көрген «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы, еліміздің мәдени, рухани өміріне айтарлықтай серпіліс әкелгені сөзсіз. Жоғалтқанымызды іздеуге, ұмытқанымызды қайта жаңғыртуға мол мүмкіндік туды. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында ұсынылып отырған жобалардың алдағы уақытта жүзеге асырылуы мемлекеттік деңгейде қарастырылып отыр. Мақалада көрсетілген маңызды бағыттардың бірі «Ұлы Даланың ұлы есімдері» жобасы. Азаттық таңы атқан күннен бастап қазақ тарихы жан-жақты зерттеліп, зерделенді десек те, Алаш арысы, Алашорданың батыс бөлімі жетекшілерінің бірі Жаханша Досмұхамедов сынды тұлғалардың саяси қызметі және мұрасы туралы әлі де қарастырар мәселелер баршылық. Ғылыми мақалада Ж. Досмұхамедтың саяси көзқарасының қалыптасу кезеңдері, «Алашорда» үкіметін құрудағы рөлі мен қызметі баяндалады.

### Дереккөзі мен әдістері

Қоғам және мемлекет қайраткері Ж. Досмұхамедовтың өмірі мен қызметіне қатысты зерттеулерді жан-жақты саралай келе, бірнеше топқа бөлуге болады. Алғашқылардың қатарына, Алаш қозғалысы өкілдерінің еңбектері еңсе, екінші топқа – XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі еңбектер, үшінші топқа – XX ғасырдың 30-80 жылдарында жарық көрген «Алаш» қайраткерлерінің революциялық бағыттағы рөлі жайында жазылған еңбектер жатады. Бұл кезеңде «Алаш-Орда» тақырыбы жабық болғандықтан, жалпы бұл қозғалыс және қайраткерлерінің еңбегі туралы толық мәлімет алу мүмкін болған жоқ. Төртінші топқа – тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген ғылыми еңбектерді қатқызамыз. Бұл еңбектердің құндылығы ғалымдар тарапынан «Алаш-Орда» мәселесін жан-жақты және терең зерттеуге мүмкіндік туды. Бұрын беймәлім болған мұрағат деректеріне сүйене жазылған ғылыми зерттеулер жарыққа шыға бастады.

Мәселенің теоретикалық-әдіснамалық жағына жалпы ғылыми зерттеулер негіз болды. Әдіснамалық тұсынан келетін болсақ, жалпылама, жеке және арнайы әдістерге жүгіне отырып, ғылыми мақаланың жан-жақты зерделенуіне арқау болатын логикалық, тарихи, жүйелілік, салыстырмалық әдістер қолданылды. Тарихи-салыстырмалық және тарихи-жүйелелілік әдістері Ж. Досмұхамедовтың өмір сүрген кезеңіндегі қоғамдық-саяси ахуалды, әлеуметтік-экономикалық жағдайды саралай отырып, мәселенің терең ашылуына негіз болғанын айта кету керек.

## Талдамалар

Осы күнге дейін жарық көріп, ғылыми айналымға енгізілген зерттеулердің нәтижесінде Алаш қайраткері Ж. Досмұхамедовтың өмір мен саяси қызметі талданды. Талдау барысында қайраткердің туып-өскен, білім алған ортасы, саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен жағдайлар ғылыми түрде зерделенді. Қазақстанның патшалы Ресейдің қоластындағы жағдайы және XX ғасырдың басындағы саяси ахуал мен әлеуметтік-экономикалық үдерістің қоғамның дамуына әсері жан-жақты қарастырылды.

## Нәтижелер

Ғұмырнамасына келетін болсақ, Жаһанша Досмұхамедов 1887 жылы маусым айында Орал облысы, бұрынғы Жымпиты, қазіргі Сырым ауданы, Бұлдырты кеңшары жерінде дүниеге келген. Оның туған жылы туралы түрлі дерек айтылып келеді, дегенмен негізгі құжатты дерек Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан алынған (ҚР ҰҚКМ) № 424-ші тергеу хаттамасы. Бұл хаттама 1930 жылдың желтоқсанында Жаһанша Досмұхамедовтың өз қолымен толтырылған, онда Жаһанша Досмұхамедов «Мне 43 года» деп жазған, жылдармен салыстыра есептегенде, оның туылған жылы 1887 жыл болып шығады. Бұл жайында кейінгі шыққан еңбектерде айтылған. Туған күні туралы ақпаратты Халел Досмұхамедовтың қызы Қарашаш Халелқызының айтуынан алса – 28-інші маусым [1].

Сонымен қатар Жаһанша Досмұхамедовтің есімі жөнінде де бірнеше түрдегі жіктеулер кездеседі. Кезінде Жымпитыдағы медреседе мұсылманша білім алып, оны өз бетімен әрі қарай жетілдіре түскен, әрі-бері мұсылман халықтарының тарихынан хабардар әкесі Досмұхамед баласына азан шақырып Жаһанша (ұлы моғолдар әулетінің атақты Тадж-Махалды салдырған үшінші патшасының атына ұқсастырып) деп ат қойған екен [2, 8-б.].

Жаһанша Досмұхамедов 1930 жылы 7 желтоқсанда Алматы қаласында өткен тергеу ісінің хаттама көшірмесінде оның есімі «Жаһанша» деп өз қолымен толтырылған. Әртүрлі құжаттық деректерді салыстыра қарап, Ж. Досмұхамедовтің өз қолымен толтырылған құжат дерегін басшылыққа ала отыра, оның есімі Жаһанша болып жазылуы керек.

Отбасылық, әулеттік жағдайы дәстүрлі қазақи ортада өсіп, тәрбиеленгенін өмір сүрген әлеуметтік ортасы айқындап отыр. Әкесі Досмұхамед өз кезеңінде сол өлкедегі ауқатты адамдардың бірі, руластарының беделді адамы болған. Досмұхамед екі ағайынды: ағасы – Ізмағамбет. Досмұхамедтен екі ұл тараған: Қабас (Ғаббас) және Жаһанша. Қабастан тоғыз ұл-қыз тараған. Анасы – Мыжық (Рабиға) ауыл-аймаққа беделді, ағайынға қадірлі адам болған. Жаһанша жастайынан зерек болып, ауыл молдасынан білім алып, кейіннен әкесінің жалдап алған мұғалімінен орысша тіл сындырып, Жымпитыда екі кластық «Приходская школада» мұғалім болған Сүйірбаев Құрбанғалидан білім алған.

Досмұхамед баласын оқуға жөнелтпекші болған кезде, баласына бата алу үшін дастархан жайып, ағайын-тума, көрші-көлеміне қосып, іргелес орналасқан байбақты, алшын, беріш руларының елбасыларын, атқамінерлерін қонаққа шақырды. Тойда бүкіл Сырым еліне белгілі Соналы болысының старшыны Ақшолақ Сарықожаұлы, оған көршілес Дат тұқымы Сырымның баласы Қазының ұлы Омар, Тайсойғаннан келген беріш руына танымал азаматтарының бірі – Досмұхамед және осы өңірдің әулиесі атанған хазірет Қуанай шақырылған.

1898 жылы Сырым елінің баласы Жаһанша Досмұхамедов Оралдағы әскери реалдық училищенің дайындық класына қабылданады. Училищенің 1 дайындық, 6 негізгі және 2 қосымша кластарында 300-ге жуық бала оқыған. Соның ішінде 18-і қазақ балалары. Жаһанша мектеп есігін алғаш ашқан күннен бастап-ақ оқу ынталылығын, зеректігін көрсеткен. Жаһанша зеректігімен дайындық кластан негізгі 1-ші класқа 1899 жылы тамыз айында емтихансыз қабылданған [3].

Әскери реалдық училищеде Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ж. Сейінтұров, Ғ. Бердиев, Ш. Көсепқалиев, С. Сарықожин, М. Бекімов, І. Көпжасаров, С. Танашев, Қ. Әзімұратов тағы басқа сияқты қазақ балалары білім алып, Жаһаншамен байланыста болып, қамқорлық жасаған. Жаһанша солармен бірге уақыт өткізіп, олармен достасты, сырласты. Училищеде 1902 жылы 21 ақпанда ұлы орыс жазушысы Н.В. Гогольдің қайтыс болуына 50 жыл толуын атап өтуде Жаһанша «Ревизордың» бірінші актісіне қатысып және «Майская ночь» повесінен үзінді оқуда өзінің әдебиетке көп көңіл бөлетінін танытты.

1905 жылы 31 мамырға дейін толық курсын оқып бітіріп, сол жылғы 27 қарашада № 991 аттестатпен 1906 жылы тамыз айында, Орал облысының стипендиаты ретінде Император атындағы Мәскеу университетінің заң факультетіне түсіп, оны № 175 бітіру куәлігімен 1910 жылы 4 наурызда бітіріп шыққан. Университет студенттерінің арасында ұлт аймақтарынан келген студенттер сирек кездесетін, деген олар оқуда, қоғамдық кездесулерде, пікірталастарда белсенділігімен көзге түсетін. Сол кезде Столыпин реформасы ресми әңгімелерде жарасымды пікірлер уағыздалды; Ресейде буржуазиялық-демократияға жол ашылды делінген. Жаһанша оның Орта Азия т.б. Шығыс аймақтарынан келген әріптестері Столыпиннің жер реформасын патша өкіметінің отарлау саясатының басты құралы деп түсінді.

Осы оқу орнында орыс және Батыс ғалым-заңгерлерінің озық ойлы бөлігінің еңбектері ықпалымен заңдық-құқықтық қоғам жетістіктеріне көз жеткізіп, қазақ тәрізді дамудың төменгі сатысында қалған ел үшін ескі кереге биліктен азаматтық-заңдық билік түріне көшудің аса қажет екендігін ұғынды. С.А. Андреевский, Н.П. Карабчевский, А.Ф. Кони, Ф.Н. Плевако, В.Д. Спасович сияқты Ресейдің атақты сот шешендерінің өмірі мен қызметін зерттеп, болашақ қызметіне керек шешендік өнердің қыр-сырын меңгерді. Оралға оралып, заңгер болып жұмысқа орналасты, жергілікті газетте жер, ұлт мәселесіне қатысты батыл ойлы мақалалар жариялады. Қырғидай қыршын юристтен сескенген Орал генерал-губернаторы соңына түсіп, Том қаласына қызметке кетуге мәжбүр болды [4].

Мәскеу университеті Жаһанша Досмұхамедовке тек құқықтық көзқарасын шыңдауға әсер етіп қоймады, оның адами қалыптасуына, ержетіп, қанатының қатаюына зор ықпал еткен. Ол университет қабырғасынан заңгерлік білім алуда басқалардан озыңқы, ыждағаттылық көрсетіп, өзін біліммен қаруландырып, алға қойған мақсаттарын орындап отырған. Университетте заңгер-профессорлардың лекцияларынан басқа Батыс Еуропа елдері заңгерлерінің еңбектері болды. Жаһанша заңгерліктің басты шарттарының бірі ораторлық (шешендік) өнерге барынша тырысып бақты. Шығыс тілдері факультетінде өтетін лекцияларға өз бетімен қатысып, бұрын сонды естімеген деректерге көңіл аударып, Қазақстан, Орта Азия халықтарының Ресей империясының қол астына бағыну тарихымен және ол аймақтардағы ұлт-азаттық қозғалыстар жөніндегі ғылыми-зерттеу жинақтарын іздестіріп тауып оқыған. Қосымша шығатын «Вестник права», «Тюремный вестник» журналдарын, «Права» заңгерлік газетін т.б. оқып, өз білімін тереңдетумен айналысты.

Университет қабырғасында мемлекеттік, азаматтық, әсіресе қоғамдық құрылымдар құқықтары тарихынан және басқа да заң пәндерінен терең білім танытқан ол, оның ішінде қазақтың дәстүрлі халықтық құқық үлгілері мен соңғы француз революциясының республикашыл алдыңғы қатарлы құқықтық заңдары да бар, патшалы Ресейдің сот, прокуратура жүйесіне қызметке қабылдануына қол жеткізген.

Жоғары оқу орнын аяқтап шығу үшін бой тасалауды да ұмытқан жоқ. Оның басқалардан гөрі бақылаудан тысқары қалуына себепші болған жағдай – бұрын қазақ жеріндегі Черняев (Шымкент қаласының) оязы болған генерал Колоссовскийдің отбасымен жақындасуы, К. Колоссовскийдің осында, Мәскеуде медициналық курстарда оқып жүрген апалы-сіңілі қыздары Ольга мен Надежданың Жаһаншамен танысып, уақыттарын бірге өткізуі. Осы жағдайға байланысты Жаһанша мәртебелі адамдармен жиі кездесіп, елде болып жатқан жағдайларға



байланысты, әсіресе, үкімет төңірегіндегілердің әңгімелерінен өзіне қажетті мәліметтерді естуіне, білуіне мүмкіндік алды. Аталмыш қыздармен жақын қарым-қатынаста болған большевиктер тобының жетекшісі В. Ульяновтың болашақ жұбайы Надежда Крупскаямен де танысуға қол жетті.

Кейінгі зерттеулерге және онда келтірілген деректерге жүгінсек, 1910 жылы 4 наурызда Мәскеу университетінің заңгерлік факультетін тәмамдаған дипломын алып, Жаһанша Досмұхамедов елге оралады. Оның Император атындағы Мәскеу университетінің құқық факультетін бітіргені жөнінде Мәскеу орталық тарихи мұрағаты 418-қор, 320-тізбе, 529-ісінің 8-ші парағында берілген. Бұл құжатта Жаһанша Досмұхамедовтің университет қабырғасында оқыған пәндерінің сағаттары, тапсырған емтихан, қосымша оқыған семинар сабақтары толық жазылған.

1911-1917 жылдары әуелі адвокат, кейін Том округтік сотының Каинск уезі бойынша прокуроры қызметтерін абыроймен атқарды [5]. 1911 жылы Жаһанша Досмұхамедов Орал қаласында құрылған «Көші-қон басқармасының» қарамағында статистикалық комиссиясының құрамына мүше болып кірген. Бұл басқарма Ақмола, Торғай, Орал, қырғыз (қазақ) шаруашылықтарының есеп жинақтарын алу жұмыстарымен айналысты. Осы жұмыста істеп жүріп 1911 жылы Оралда шығатын «Уральский листок» газетінің қаңтар айында № 9, № 14, № 20 сандарында «Несколько слов о Киргизском (казахском) обычном праве и народном суде» атты мақаласы жарық көрген [6]. Мақалада Тәуке ханның басқару кезіндегі қазақ мемлекетіндегі «Жеті жарғы» заңы оның жүйелері толықтай суреттеліп, «Дала Конституциясы» деген атты иеленген бұл заң қазақ халқының мемлекеттілігін, заңдылығын жария ететіні жөнінде баяндаған. Жаһаншаның өткір мақаласы өкімет адамдарына ұнамай, оны елден, халықтан қол үздіру мақсатында Орал облысынан кетуге мәжбүр етеді.

1912 жылы Орал округтік сотында жұмыс істеп жүргенде, бақылауда болады, кейіннен Барнау уезінің 10-шы учаскісінде судьялық міндетін атқарған. Бұл Омбы судьялық палатасына қарайтын. 1913 жылы Жаһанша Змейногорск уезінің 1-ші учаскесіне жұмысқа ауыстырылады. Осы жылдың күзінде Барнауыл қаласына шақырылып, прокурордың көмекшісі қызметіне тағайындалады. 1914 жылы наурызда Томск округтік сотының жолдас-прокурор қызметіне тағайындалып, Каинск уезі бойынша жауапты болып есептеледі. Томск округтік сотында жолдас-прокурор қызметін атқара жүріп, ол саяси тұтқындарды бақылады және Жаһаншаның сол кездегі әскери шені генерал юстицій (әділет) еді. Ж. Досмұхамедов 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін округтік соттың прокурорының жолдасы (орынбасары) міндетін атқарған. Туған топырағына, өз қандастарына борышты екендігін Жаһанша еш уақытта ұмытпаған. Қазақтардың басым көпшілігінің қараңғылықта, әлеуметтік, саяси ағымдардан бейхабар қалғандығы жас заңгер барынша мойытты.

Томск қаласында округтік прокурордың жолдас-орынбасары болып және оған қоса адвокаттық жұмыс атқарған. Көп ұзамай жас адвокаттың істеріне ризалардың қатары көбейген. Жаһанша Досмұхамедов осы жұмыста жүріп қазақ даласының саяси істеріне барынша өз көмегін берген. «Қолынан бәрі келеді» атанған заңгер Жаһанша Досмұхамедов Омск, Троицк, Санкт-Петербург қалаларында өткізілген талай процестерге қатысып, абырой үстіне абырой жинап, үлкен беделге ие болған. Жан-жақты, қабілетте, терең білімді, орыстың айшықты тілін еркін меңгерген, сөздері өткір әрі дәл, шешен сөйлейтін Жаһанша ортақ заңдылықты мойындамаушыларға, сот жүргізушілердің озбыр қылықтарына қарсы болды. Жаһанша ортақ заңдылықты мойындамаушыларға, сот жүргізушілердің озбыр қылығына қарсы болды. Ол қазақ жұртынан шыққан тұңғыш прокурор еді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын қосуға мүмкіндік берген. 1917 жылы сәуір-мамыр айларында көптеген облыс уездердің орталықтарында

аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Оралдың жекеленген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енген. 1917 жылы қазақ съездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық) қалаларында болды. Қазақ съездерін өткізу Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Ә. Ермаков, Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов т.б. белсене араласты.

Орал облыстық қазақ комитеті – Жайық өзенінің сол жағалауын қоныстанған қазақ ауылдарын басқару мақсатында құрылған атқару органы. 1917 жылы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өткен Жайық сыртқы қазақтарының 1-ші съезінде бұрынғы Жайық сырты бөлігін басқару жөніндегі уақытша комитеттің орнына құрылды [6].

Сиезде облыстың қазақ комитетінің құрамына мына адамдар сайланды: Ж. Досмұхамбетов, И. Таңберменов, Х. Тасымов, Т. Сыпырбөлиев, И. Мұқанов, Д. Сарсенбаев, Ғ. Әлібеков, Д. Құсіпқалиев, Б. Жанқадамов, Р. Қаржаубаев, Д. Жұлдызов, Х. Досмұхамбетов, И. Топаев, И. Әбенев, К. Жаленов, Ғ. Есенғұлов, С. Қаратілеуов, Б. Жұманғалиев, С. Омаров, Б. Тілепов. Орал облысының барлық болыстарынан сайланып келген 800 делегаттың қатысуымен Орал қаласының қазіргі Ж. Молдағалиев ескерткіші тұрған жерде, бұрынғы цирк үйінде қазақ құрылтайы өткізілді. Оған Байұлы, Әлімұлы, Жеті ру өкілдері мен болыс басшылары қатысты. Сиез уақытша қазақ комитетінің төрағасы Ғұбайдолла Әлібеков ашып, құттықтау сөз сөйледі. Сол бірінші облыстық қазақ съезінің төрағалығына бір ауыздан Жаһанша Досмұхамедұлы сайланған. Сиез өз жұмысына тыңғылықты дайындықпен келді. Ұсынған бағдарламамен жүрген сиезд Жайық қазақтары үшін өмірлік маңызы бар бірқатар қарар қабылдады, соның ішінде тұрақты Жайық сырты облыстық қазақ комитеті сайланды, жаңадан жергілікті басқару құрылымы белгіленді. Сиез Жаһанша Досмұхамедовты Мәскеуде өтетін І Бүкілресейлік мұсылман съезіне делегат етіп сайлады.

